



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің докторантура бағдарламаларына ең төменгі қабылдау талаптары және қажетті құжаттар тізімі

Санаты: Қағида

Бекітілген күні: 15.01.2025

Күшіне енген күні: 15.01.2025

Қолжетімділік деңгейі: Жалпыға
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 206 SEDS

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

Тіркеу нөмірі: 15

Иесі:

Қайта қарау күні: 01.01.2028

Қолданылуы: Оқуға қабылдау



Өзара байланысты құжаттар: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Бағдарламалар: «Химиялық инженерия саласындағы докторантура», «Құрылыс инженериясы саласындағы докторантура», «Механикалық инженерия саласындағы докторантура», «Электротехникалық инженерия саласындағы докторантура», «Робототехникалық инженерия саласындағы докторантура», «Компьютерлік ғылымдар саласындағы докторантура»

№	Қабылдау талаптары	
1	Бакалавр дәрежесі (немесе баламасы);	Ең төменгі көрсеткіш анықталмаған
2	Тиісті пән бойынша магистр дәрежесі (немесе баламасы); Академиялық және практикалық тәжірибенің өзектілігін, сондай-ақ алдыңғы дәрежелердің баламалылығы мен сәйкестігін Қабылдау комиссиясы анықтайды. Соңғы курс студенттері ағымдағы ресми транскриптті ұсына алады;	Ең төменгі CGPA 4.00-ден 2.75 немесе оның баламасы;
3	Ағылшын тілін меңгерудің қажетті деңгейі;	Бағдарламаға түсу үшін ағылшын тілін білу деңгейіне қойылатын абсолюттік ең төменгі талап IELTS тестінің жалпы баллы 6.5, бөлімдерінің әрқайсысы бойынша кемінде 6.0 немесе ETS веб-сайтында расталған TOEFL баламасы;
4	Бағдарламаға түсетін үміткерлер мынадай жағдайлардың бірінде Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша тілді меңгеруін тексеруге тестілеу нәтижелерін ұсынудан босатылуы мүмкін;	Ағылшын тілі қарым-қатынастың, оқытудың және күнделікті өмірдің ресми тілі болып табылатын елде олардың алғашқы академиялық дәрежелерінің бірін алу; Бакалавр немесе магистр дәрежесі ресми түрде ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама бойынша алынғанда. Үміткерлер оқыту тілі ағылшын тілі екенін

		растайтын ресми құжатты ұсынуы керек; Үміткер Назарбаев Университетінің түлегі;
5	Докторантура бағдарламасына негіздеме хат.	1 (бір).

№	Қажетті құжаттардың тізімі
1	Толтырылған өтінім беру нысаны
2	Жеке куәлік (Қазақстанның азаматтары үшін) немесе паспорттың (шетел азаматтары үшін) сканерленген көшірмесі
3	Аты-жөнін өзгерту туралы құжаттың сканерленген көшірмесі (қолданылған жағдайда)
4	Бакалавр және магистр дипломдарының және олардың қосымшаларының сканерленген көшірмелері. Онлайн тіркелу кезінде магистратура бағдарламасының соңғы курс студенттері жеке кабинетке ағымдағы ресми транскрипттерін жүктей алады
5	Тест әкімшісі (Test Administrator) жүйесінен жүктелген IELTS немесе TOEFL жарамды стандартталған академиялық сертификатының балдары туралы расталған есеп және оның сканерленген көшірмесі
6	Ағылшын тілінде білім алғанын растайтын құжаттың сканерленген көшірмесі (IELTS/TOEFL нәтижелерін тапсырудан босатылуды қалайтын үміткерлер үшін)
7	Екі құпия ұсыным хат (ағылшын тілінде)
8	Негіздеме хат (ағылшын тілінде)
9	Түйіндеме (CV, ағылшын тілінде)